

## **XX ғ. 50-80 жж. Қазақстан.**

1. Н.С.Хрущевтің билікке келуі және КОКП XX съезі. «Жеке басқа табынушылық» саясатын сынау.
2. Ауыл шаруашылығындағы өзгерістер. Тың және тыңайған жерлерді игеру.
3. XX ғ. 60-80 жж. Л.Брежнев “Алтын ғасыр” Қазақстанның КСРО өнеркәсібінің дамуына қосқан үлесі.



# Н.Хрущевтың реформалары:

- Тоталитаризм оның ішінде казармалық социализмнің негізін қалаушы, харизмалық тұлға, тиран басшы И.В.Сталин 1953 жылы 5 наурызда қайтыс болды.
- 1953 ж қыркүйекте Н.С.Хрущев КОКП Орталық комитетінің бірінші хатшылығына (1953-1964 жж.) тағайындалды.
- Бұл кезең «Жылымық жылдары» деп аталды.
- Билік өзгергенімен Бюрократизмде, әміршіл-әкімшіл жүйеде сақталды тек формасы өзгерді.

# Жеке басқа табынушылықты жою

- 1956 ж. КОКП XX съезінде Н.С.Хрущев «Жеке адамға табыну және оның зардаптары туралы» баяндамасында И. В.Сталин, Л.Берия, Н.Ежовты сынға алды.
- Ондағы мақсаты:
- Жаңа биліктің легитимділігін орнату;
- Жаңа реформаларды жасау үшін қолдау іздеу;
- Халық сенімін ақтамаған социализмді утопияға шығару;
- Коммунизм орнату деген ұранмен жаңа реформалар жасау.

# Н.Хрущевтың реформаларының жағымды жақтары:

- Көлік және коммуникация жүйелерін дамыды, Одақғы теміржолдың 30%-ы Қазақстанда салынды;
- 730 өнеркәсіп орындары мен цехтар іске қосылды.
- 1958 жылы Қазақстан КСРО бойынша жалпы өндіріспен дамуы жағынан үшінші орынға шықты.
- Одақ бойынша ірі қалаларда тұрғын үйлер салды;
- Ғылымның жетістіктерімен(1961,Восток-1), ауылшаруашылық өнімдерін өндіруде рекордтар жасалды (1956,1961);
- Сталинизмнің құрбандарын түрмеден босатып, ГУЛАГ жүйесі жойылды.
- Комунистік елдердің студенттері білім алмасуға мүмкіндік алды.

## Н.Хрущевтың реформаларының жағымсыз жақтары:

- Саяси көзқарасы үшін қудалау орын алып, халық жауы, космополит, ұлтшыл айыптарының орнына өзгеше ойлайтындар айыбы тағылды;
- Индустрия дамуы болсада сапа болмады;
- ГУЛАГ жүйесі жойылғанмен, психдиспанцерлер пайда болды, қылмыс жоғарлады;(90 мың)
- Экономиканы басқаруда ғылымға негізделмеген ойластырмаған субъективтік шешімдерге жол берілді;
- Капиталистік елдердің деңгейіне қысқа мерзімде қуып жетіп, басып озу сияқты негізсіз міндеттер қойылды;
- Аудандастыру саясатының негізінде елдің гоесаяси жағдайын өзгертті.

## 2. Ауыл шаруашылығындағы өзгерістер. Тың және тыңайған жерлерді игеру.

- Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылық саласына көп көңіл бөліне бастады.
- Мысалы:
  - - Колхоздарға біраз дербестік берілді;
  - - Ауыл шаруашылық өнімін дайындау және сатып алу бағасы көтерілді;
  - - Аграрлық секторды техникамен жабдықтау;
  - - Электр қуаты кеңірек қолданылды;
  - - Колхоздар мемлекетке төлеуге тиісті қарыздарынан босатылды.
  - - Бірақ шаруашылық елде қалыптасқан экстенсивті жолмен жүргізілді.

# Тың және тыңайған жерлерді игеру.

- 1954 жыл КОКП ОК-нің Пленумы «Елімізде астық өндіруді одан әрі арттыру, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулы қабылдады.
- Тың жерлер игерілетін аймақтар: Қазақстан, Сібір, Урал, Солтүстік Кавказ, Есіл бойы.
- 1954-1955 жылдары 1 млрд. 200 млн. пұт астық алу белгіленді.
- Қазақстандағы тың жерлерді игеретін аудандар: Көкшетау, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Торғай, Павлодар облыстары болды.



# Тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде:

- Билік құрылымы өзгерді;
- 1954-1959 жылдары тың және тыңайған жерлерді игеруге 20 млрд. сом жұмсалды;
- 1954-1962 жылдары республикаға 2 млн.-ға жуық тың көтерушілер келді;
- Қазақстанда 9,4 млн. гектар жер жыртылды;
- Мәдени өзгерістер мен этникалық конфликтілер орын алды.

# Тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде:

- 1) Тың игеру жылдары Қазақстанда 25 млн.га жер игерілді. (Одақта 41 млн.га). Қазақстанда егістік жерлердің көлемі артты;
- 2) Астық өндіру көлемі жағынан Қазақстан одақта 2-орынға шықты. Соның арқасында Қазақстан Орта Азия мен Сібірді, Оралды астықпен қамтамасыз етті;
- 3) Тың игеру жылдарында Қазақстан көп ұлтты республикаға айналды;
- 4) Қазақстан жерінде көптеген тұрғын үйлер, құрылыстар, мәдени объектілер салынды. Он мыңдаған шақырым жолдар төселді.
- 5) Жүздеген совхоздар құрылды, (1954 ж. 120-дан астам) елді мекендер көбейді.
- 6) Халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету біршама

# Тың және тыңайған жерлерді игерудің зардаптары:

- 1) Тың игеруге байланысты жайылымдар мен жем-шөп дайындайтын алқаптардың көлемі тарылды;
- 2) Мал шаруашылығы құлдырап ет, сүт өнімдерінің көлемі де азайды;
- 3) 1956 жылы Отанға тапсырылған млрд. пұт Қазақстан астығының жиналмай қалуы;
- 4) Сырттан келген мамандардың тұрақтамауы және қылмыс саны өсті;
- 5) Қазақтар 1962 жылы - 29% ға азайды;

- 6) Экологиялық жағдай күрт нашарлады. Аса көп территория жыртылып, нәтижесінде көп жерлер жарамсыз болып қалды. Топырақ эрозияға ұшырап, жердің құнарлылығы азайды.
- 7) Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері салт-дәстүрлері, мәдениеті, ұлттық руханияттары ескерілмеді. Ұлттық мәселелер туындады;
- 8) Дін ұстануға тиым салынды, Қазақ мектептері, балабақшалар, қазақ тіліндегі газет-журналдар азайды;
- 9) Қазақстан көптеген территориясынан айырылды.

## XX ғ. 60-80 жж. Л.Брежнев “Алтын ғасыр” Қазақстанның КСРО өнеркәсібінің дамуына қосқан үлесі.

- 1964 жылы СОКП Орталық Комитетінің қазан Пленумында партия басшылығына Л.И. Брежнев, үкімет басына А.И. Косыгин тағайындалды.
- Сегізінші бесжылдық (1966-1970) кезінде ОК Пленумда экономиканы басқарудың әкімшілік әдісі сыналып, кәсіпорындардың өз еркімен дамуына мүмкіндік беру айтылды.

## Қазақстан 60-80 жж

- Қазақстанда 1709 жаңа кәсіпорындар және жаңа техникамен жабдыкталған нысандар іске қосылды.
- Олар:
- Соколов-Сарыбай;
- Қарағанды комбинаты;
- Ермак темір балқыту зауыты;
- Жезқазған, Павлодар, Өскемен комбинаттары;
- Маңғыстау мұнай кені кеңейтілді.

- Қазақстан бүкілодақтық бойынша фосфордың 90%-ын, жемдік фос-фаттың 40%-ын, мыс, мырыш, қорғасынның 70%-ын өндірді. Республика хром өндіруден КСРО бойынша бірінші орын, ал көмір, шойын және марганец өндіруден үшінші орынға шықты.

### Спорттық нысандар:

- Медеу мұз айдыны 1972 ж. (1988ж)
- КСРО бойынша тек футболға арналған стадион бірінші рет Ақтөбеде салынды 1974 ж.
- 1980 жыл Москва олимпиадасы. Ж.Үшкемпіров, С. Қонақбаев

- 1970-1985 жылдары мыңға жуық өнеркәсіп орындары мен цехтар іске қосылды.
- Олар:
  - - Қазақ газ өңдеу зауыты;
  - - Шевченко пластмасса зауыты;
  - - Павлодар және Шымкент мұнай өңдеу зауыттары;
  - - Екібастұз, Ермак ГРЭС-І, Қапшағай ГЭС;



- Бүкіл Одақтық шикізат көзіне айналған Қазақстан түрлі әлеуметтік-экономикалық қиындықтарға тап болды:
- Мысалы:
  - - Ұлттық мамандардың жетіспеуі немесе болмауы;
  - - Халықтың орташа өмір сүруінің төмен болуы;(54-51 жас)
- Гепатит, туберкулез сияқты эпидемиялық аурулардың өсуі, онкологиялық аурулардың одақ көрсеткішінен 15 есе асып түсуі.

# Семей-Арал апаты:

- Арал теңізінің деңгейі 14 метрге, аумақтық көлемі 40%-ға, су келемі 60%-ға төмендеді. Тартылған теңіз түбітұз ошағына айналуы;
- КСРО-ғы 715 ядролық жарылыстың 470-і Қазақстанда жасалды. Негізінен Семей, Қарағанды, Павлодар және Каспий маңы ойпатындағы Азгир полигонында 17 жер асты жарылысы, Атырау, Ақтөбе т.б жерлерде тағы 21 жарылыс іске асырылған.
- 70-80-жылдары Қазақстанда халық тұтынатын тауарлардың 60%-ы басқа одақтас республикалардан әкелінді, ал шикізатты Қазақстанда өндірілді. Ішкі өнім 3,8% ғана.

## Қазақстанның саяси жағдайы:

- О. Сүлейменовтың 1975 жылы шыққан «Аз и Я» еңбегі.
- СОКП ОК Саяси бюросы 1979 жылы Қазақстан Ерейментауда неміс автономиялық облысын құру туралы шешім қабылдады. Оған Ақмола, Павлодар, Қарағанды, Көкшетау облыстарының немістер тығыз қоныстанған бірқатар аудандарын беру көзделді.

Партия шешіміне қарсы болған қазақ жастары Целиноградта, Атбасарда, Ерейментау, Көкшетауда бейбіт шерулер мен демонстрациялар жасап, партия өз шешімін өзгертті.

- КСРО 1979 жылы 27 желтоқсанда Ауғанстанға Кеңес әскерін кіргізді. АҚШ және БҰҰ 104 мемлекеті наразы болып Мәскеуде өтетін жазғы олимпиадалық ойындарға қатысудан бас тартты.
- Кеңестер елі 1979-1989 жж. 80 мың Ауғаныстанға 80 мың әскер кіргізді, соғыста 13 мың адам қаза болды, 37 мың солдат пен офицер әр түрлі жарақат алып, мүгедек болып қалды, ал жүздеген жауынгер елге қайтып оралмады.



